



Бекітілді

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық  
биржасы» АҚ Басқармасының  
шешімімен  
Хаттама № 79, «06» маусым 2011 жылы

## **ЕРЕЖЕ**

### **цемент нарығы жөніндегі комитет туралы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» акционерлік қоғамы «Тауар биржасы»**

#### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Цемент нарығы жөніндегі комитет туралы осы Ереже (бұдан әрі – «Ереже») «Еуразиялық Сауда Жүйесі» акционерлік қоғамы «Тауар биржасы» (бұдан әрі – «Қоғам») негізінде

1.2. Комитет – мақсаты ЕСЖ цемент нарығында сауданы ұйымдастыру мен дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау болып табылатын Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін кеңесші органы болып табылады.

1.3. Комитет өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, Биржалық сауда ережелерін, Жарғыны, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

#### **2. Комитеттің құзыреті**

2.1. Қызметінің мақсаттарын орындау үшін Комитет:

- цементпен мәмілелер жасасу бөлігінде Биржаның Сауда ережелерін, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келіседі;

- цементке фьючерстік келісімшарттар мен опциондар бөлігінде Биржаның Мерзімді мәмілелер ережелерін келіседі;
- Биржаның металдар мен өнеркәсіптік тауарлармен сауда секциясына жаңа мүшелерді қабылдау шарттарын келіседі;
- Биржаның цемент сауда секциясына жаңа мүшелерді қабылдау туралы Биржа Басқармасының Председателіне ұсынымдарды дайындайды;
- ЕСЖ цемент нарығында сауданы ұйымдастыру жөніндегі Биржа қызметтеріне ақы төлеу тәртібіне қатысты Биржа Басқармасына арналған ұсынымдарды дайындайды;
- Биржада цемент нарығында айналымда болатын тауарлардың спецификацияларын, цементке фьючерстік келісімшарттар мен опциондардың спецификацияларын келіседі;
- цементке фьючерстік және опциондық келісімшарттардың айналымын тоқтату немесе тоқтатылғаннан кейін қалпына келтіру мәселелерін қарастырады және ұсыныстар дайындайды;
- ЕСЖ цемент нарығында этикалық нормаларды белгілеу бойынша ұсыныстар дайындайды;
- Басқарма шешімдерімен жүктелген және Биржаның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

### **3. Комитетті қалыптастыру және оның құрамы**

3.1. Комитеттің сандық құрамы 11 мүшеден аспайды.

3.2. Комитет құрамы Биржаның Басқармасымен 1 (бір) жыл мерзімге бекітіледі.

3.3. Комитет мүшелері Биржада цементпен сауда жасайтын Биржа мүшелері, цементті Биржада өткізетін, сатып алатын және тұтынатын ұйымдар бола алады.

3.4. Комитетте Қоғамды өкілдік ететін қызметкерлер саны 2 (екі) адамнан аспауы тиіс.

3.5. Биржаның әрбір мүшесі мен Комитет құрамына кіретін өзге де ұйымдар Комитетте бір мүшеден артық өкілдік ете алмайды.

3.6. Комитеттің әрбір мүшесінде бір дауыс болады.

3.7. Комитет мүшелері құрамына Қоғам өкілдерінің кандидатураларын Биржа Басқармасының Председателі ұсынады.

3.8. Комитет мүшелігіне үміткерлер Биржа Басқармасының Председателі атына Комитет мүшелігіне өтініш береді.

3.9. Комитет мүшелігіне үміткерлер саны 11 (он бірден) асса, Қоғам өкілдеріне артықшылық беріледі.

3.10. Комитет хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және Комитет мүшелерімен Қоғам өкілдері арасынан тағайындалады.

3.11. Комитетті жаңа құрамдағы Комитеттің бірінші отырысында Комитет мүшелерінің арасынан сайланатын Председатель (бұдан әрі «Председатель») басқарады.

3.12. Комитет Председателі Биржаның Басқармасы жаңа Председательді бекіткенге дейін өз міндеттерін атқарады.

3.13. Комитет Председателі:

- Комитет қызметін жоспарлайды;
- Комитет отырыстарының күнін, орнын және нысанын белгілейді; Комитеттің күн тәртібін бекітеді;
- Комитет отырыстарына председательдік етеді;
- Биржаның Басқармасы алдында басқаратын Комитет жұмысы туралы есеп береді;
- Комитет шешімдерінің орындалуын бақылайды;
- Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.14. Комитеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оның шешімдерін орындау үшін Комитет Председателі атқарушы директордың кандидатурасын ұсынуға құқылы.

Комитетте. Комитеттің атқарушы директорының кандидатурасы Биржаның Басқармасында бекітілуге тиіс.

3.15. Атқарушы директор:

- Комитет отырысының күн тәртібін дайындайды;
- отырыстар арасындағы кезеңде бекітілген жоспар мен Комитет шешімдеріне сәйкес Комитет мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады;
- Комитет отырыстарына материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді, Комитет мүшелерін уақтылы хабардар етеді;
- хаттамалар мен шешімдердің жобаларын дайындайды;
- Комитет шешімдерін Биржа мүшелерінің назарына жеткізеді;
- Биржаның ішкі құжаттарына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.16. Комитет мүшесі өз өкілін алмастыру туралы Комитет пен Биржаны дереу хабардар етуге тиіс.

3.17. Комитет мүшесі Комитет Председателіне тиісті хабарламаны жіберу жолымен Комитет құрамынан ерікті түрде шыға алады.

3.18. Комитет құрамынан шығарылу Биржаның Басқармасының шешімімен жүйелі түрде отырыстардан бас тартқан жағдайда жүзеге асырылады.

3.19. Комитет мүшелігі Комитет мүшесін қайта ұйымдастыру, тарату жағдайында, сондай-ақ Биржа мүшелігінен шыққан кезде автоматты түрде тоқтатылады.

#### **4. Комитеттің жұмыс тәртібі**

4.1. Комитет өз отырыстарын қажеттілігіне қарай, әдетте, айына кемінде бір рет өткізеді.

4.2. Комитет отырыстарын өткізуге Председатель, Комитет мүшелерінің кемінде 1/3 (үштен бір) мөлшері бастама жасай алады.

4.3. Комитет отырысында шешімдер қабылдаудың заңдылығы үшін кемінде 5 (бес) мүше қатысуы тиіс.

4.4. Шешімдер дауыс беру жолымен, отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

4.5. Комитет Председателі, ал ол болмаған жағдайда Атқарушы директор, дауыс теңескен кезде шешуші дауысқа ие болады.

4.6. Өткізілген Комитет отырысының нәтижелері бойынша Председатель және/немесе Атқарушы директор қол қоятын шешім ресімделеді.

4.7. Комитет шешімімен келіспеген Комитет мүшелері хаттамаға тіркеме түрінде өзінің ерекше пікірін ресімдеуге құқылы.

4.8. Комитет шешімдері сауалнамалық жолмен қабылдануы мүмкін.

4.9. Жұмыс тиімділігін арттыру үшін Комитет шеңберінде Комитет шешімімен жұмыс топтары мен комиссиялар құрылуы мүмкін.

## **5. Құқықтары мен міндеттері**

5.1. Комитет мынадай құқықтарға ие:

- шешімдер қабылдау үшін өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Биржа ақпаратын пайдалануға және құжаттарды алуға;
- Комитеттің құзырына жататын мәселелерді шешу үшін Биржаның Басқармасына ұсыныстармен шығуға;
- Биржаның басқа комитеттері мен комиссияларымен бірлескен отырыстар шақыру туралы бастама жасауға;
- Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Биржаның Басқармасының шешімдерін орындауды бақылауды жүзеге асыруға;
- қажет болған жағдайда Комитет отырыстарын дайындауға және өткізуге кез келген тұлғаларды тартуға;
- өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға.

5.2. Комитет міндетті:

- қызметін қолданыстағы заңнамаға, осы Ережеге, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға;
- ЕСЖ цемент нарығы қатысушылары берген конфиденциалды ақпараттың жарияланбауын қамтамасыз ету;
- Комитеттің белгіленген жұмыс тәртібін сақтауға.

5.3. Комитет оған жүктелген міндеттерді уақтылы және біліктілікпен шешу үшін жауап береді.

5.4. Ережемен реттелмеген өзге де мәселелер қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен шешіледі.